

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

AJВ4300

Сұрағыңыз  
бар ма? Philips  
компаниясына  
хабарласыңыз



## Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS



# Мазмұндар кестесі

|                          |          |
|--------------------------|----------|
| <b>1 Маңызды ақпарат</b> | <b>2</b> |
| Қауіпсіздік              | 2        |

|                              |          |
|------------------------------|----------|
| <b>2 FM/DAB+ сағат радио</b> | <b>3</b> |
| Кіріспе                      | 3        |
| Қораптың құрамы              | 3        |
| Радиосағаттың жалпы шолуы    | 4        |

|                                |          |
|--------------------------------|----------|
| <b>3 Жұмысты бастау</b>        | <b>5</b> |
| FM/DAB+ антеннасын дайындаңыз. | 5        |
| Қуатты қосу                    | 5        |
| Сағатты орнату                 | 5        |
| Қосу                           | 6        |

|                                                     |          |
|-----------------------------------------------------|----------|
| <b>4 DAB+ радиосын тыңдау</b>                       | <b>7</b> |
| DAB+ радио станцияларын реттеу                      | 7        |
| DAB+ радиостанцияларын<br>автоматты түрде сақтау    | 7        |
| DAB+ радиостанцияларын қолмен<br>сақтау             | 7        |
| Алдан ала орнатылған DAB+<br>радиостанциясын таңдау | 8        |
| DAB+ мәзірі                                         | 8        |
| DAB+ ақпаратын көрсету                              | 8        |

|                                                    |          |
|----------------------------------------------------|----------|
| <b>5 FM радионы тыңдау</b>                         | <b>9</b> |
| FM радио станцияларын реттеу                       | 9        |
| FM радио станцияларын автоматты<br>түрде сақтау    | 9        |
| FM радио станцияларын қолмен сақтау                | 9        |
| Алдан ала орнатылған FM радио<br>станциясын таңдау | 9        |
| FM мәзірін пайдалану                               | 10       |
| RDS ақпаратын көрсету                              | 10       |

|                                     |           |
|-------------------------------------|-----------|
| <b>6 Жүйе мәзірін пайдалану</b>     | <b>11</b> |
| Уақыт пен синхрондау уақытын орнату | 11        |
| Барлық параметрлерді ысыру          | 11        |
| Бағдарламалық құрал нұсқасын білу   | 11        |
| Бағдарламалық құралды жаңарту       | 12        |

|                             |           |
|-----------------------------|-----------|
| <b>7 Басқа мүмкіндіктер</b> | <b>13</b> |
| Оятқыш таймерін орнату      | 13        |
| Ұйқы таймерін орнату        | 13        |
| Сыртқы құрылғыны тыңдау     | 14        |
| Құрылғыны зарядтау          | 14        |
| Дыбыс деңгейін реттеу       | 15        |
| Дисплей жарықтығын реттеу   | 15        |

|                              |           |
|------------------------------|-----------|
| <b>8 Өнім туралы ақпарат</b> | <b>16</b> |
| Ерекшеліктер                 | 16        |

|                           |           |
|---------------------------|-----------|
| <b>9 Ақаулықтарды жою</b> | <b>17</b> |
|---------------------------|-----------|

|                   |           |
|-------------------|-----------|
| <b>10 Ескерту</b> | <b>18</b> |
|-------------------|-----------|

# 1 Маңызды ақпарат

## Қауіпсіздік



### Абайлаңыз

- Бұл радио-сағаттың корпусын ешқашан алмаңыз.
- Осы радио-сағаттың ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
- Бұл радио-сағатты ешқашан басқа электр құрылғының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл радио-сағатты күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызатын жерлерден алыс ұстанаңыз.
- Радио-сағатты қуат көзінен ажырату үшін, қуат сымына, ашаға немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

- Осы радио-сағат үстіне судың тамшылауына немесе шашырауына жол беруге болмайды.
- Радиосағаттың үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



### Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

- Мына нұсқауларды оқып, орынданыз.
- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
- Әсіресе қуат сымының ашаларын, электр розеткаларын және олардың радиосағаттан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Радиосағаттың қуат сымы немесе ашасы бүлінген болса, оған су тиіп немесе үстіне зат құлаған болса, оған жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және басқаша бүлінген болса, оны жөндеу қажет.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, осы радиосағатты ток көзінен ажыратыңыз.

## 2 FM/DAB+ сағат радио

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome).

---

### Кіріспе

Осы радиосағат беретін мүмкіндіктер:

- FM және сандық дыбысты тарату (DAB+) радиосын тыңдау;
- сыртқы құрылғылардан дыбысты тыңдау;
- уақытты білу және
- екі оятар орнату.



---

### Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Радиосағат
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту парақшасы

## Радиосағаттың жалпы шолуы



### ① **⏸ / ⏹**

- 1-дабыл немесе 2-дабылды орнату.
- Оятқыш параметрлерін көру.
- Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату.

### ② **SOURCE**

- Көз таңдау: **DAB режимі, FM режимі** немесе **AUDIO IN** режимі.

### ③ **⏻**

- Радионы қосу.
- Күту режиміне ауысу.

### ④ **SNOOZE/BRIGHTNESS**

- Оятқышты кейінге қалдыру.
- Дисплей жарықтығын реттеу.

### ⑤ **PROG/SET TIME**

- Радиостанциялар ретін бағдарламалау.
- Уақытты орнату.

### ⑥ **SELECT/SCAN**

- Радио станцияларды автоматты түрде іздеу және сақтау.
- Таңдауды растау.

### ⑦ **zZ**

- Ұйқы таймерін орнату.

### ⑧ **+ PRESET/ MIN -**

- Минутты реттеу.
- Алдын ала орнатылған радиостанцияларды таңдау.

### ⑨ **INFO/MENU**

- DAB+ немесе FM режимінде DAB+ немесе FM мәзірін енгізу үшін басып тұрыңыз.
- DAB+ режимінде DAB+ станция ақпаратын көрсету үшін басыңыз.
- FM режимінде RDS станция ақпаратын көрсетуді басыңыз.

### ⑩ **+ TUNING/ HR -**

- Сағатты реттеу.
- FM радио стансаларын баптаңыз.
- DAB+ станциялар тізімі арқылы шарлау.
- FM/DAB+ мәзірі арқылы шарлау.

### ⑪ **Дисплейлі панель**

- Ағымдағы күйді көрсету.

### ⑫ **VOL тұтқасы**

- Дыбыс деңгейін реттеу.

### ⑬ **Антенна**

- Радио қабылдауды жақсарту.

### ⑭ **Ток сымы**

- АТ қуатын қосыңыз.

### ⑮ **USB ұясы**

- Мобильді құрылғыларды зарядтау.

### ⑯ **AUDIO IN**


- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.

## 3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

### FM/DAB+ антеннасын дайындаңыз.

Жақсы қабылдау үшін FM/DAB+ антеннасын толығымен созып, реттеңіз.



#### Ескертпе


- Кедергіні болдырмау үшін антеннаны қандай да бір басқа сәуле тарату көздерінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.

### Қуатты қосу



#### Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Электр кернеуінің радиосағаттың артқы немесе түп жағында басылған кернеуге сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток сымын розеткадан ажыратқанда, әрқашан ашадан ұстап суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.



### Сағатты орнату



#### Ескертпе

- Уақытты тек күту режимінде орнатуға болады.

- Сағатты орнату режимін белсендіру үшін **SET TIME** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.  
↳ Сағат пен минут сандары жыпылықтайды.
- Сағатты орнату үшін **+TUNING/ HR** - түймесін басыңыз.
- Минутты орнату үшін **+ PRESET/ MIN** - түймесін басыңыз.
- Растау үшін **SET TIME** түймесін басыңыз.
- 12/24 сағаттық пішімді орнату үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін басыңыз.
- Растау үшін **SET TIME** түймесін басыңыз.  
↳ **[Time Saved]** (сақталған уақыт) көрсетіледі.



#### Кеңес

- Радио 10 секунд бойы жұмыс істемегенде автоматты түрде сағатты орнату режимінен шығады.
- FM/DAB+ режимінде уақыт синхрондалуын орнату үшін «Жүйе» мәзірін енгізуге болады («Жүйе мәзірін пайдалану» > «Уақыт орнату және уақытты синхрондау») бөлімін қараңыз.

---

## Қосу

- Радионы қосу үшін  $\phi$  түймесін басыңыз.
  - ↳ Радио сағат соңғы таңдалған ресурсқа ауысады.
  - ↳ Бірінші рет пайдаланғанда радио қош келдіңіз хабарын көрсетіп, қол жетімді DAB+ станцияларды автоматты түрде іздеуді бастау үшін DAB режимін іске қосады.

---

## Күту режиміне ауысу

- Қайтадан  $\phi$  түймесін басыңыз.
  - ↳ **[Standby]** (күту) көрсетіледі.

## 4 DAB+ радиосын тыңдау

### DAB+ радио станцияларын реттеу



#### Кеңес

- Антеннаны кез келген электр құрылғыларынан мүмкіндігінше әрі қойыңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 DAB режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
  - ↳ **[Scanning]** (іздеу) көрсетіледі.
  - ↳ Радио барлық DAB+ радио станцияларын автоматты түрде сақтайды, содан соң бірінші қол жетімді радио станцияны таратады.
  - ↳ Станциялар тізімі радио жадында сақталады. Радионы келесі рет қосқан кезде станцияны іздеу атқарылмайды.
  - ↳ Егер DAB+ станциясы табылмаса, **[No DAB Station]** (DAB станциясы жоқ) мәтіні көрсетіледі.

#### Станциялар қол жетімді тізімінен станцияны реттеу үшін:

- DAB режимінде қол жетімді DAB+ станциялар арасында жылжу үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін қайталап басыңыз.

### DAB+ радиостанцияларын автоматты түрде сақтау



#### Кеңес

- Жаңа станциялар мен қызметтер DAB+ таратылымына қосылады. Жаңа DAB+ станцияларын және қызметтерін қол жетімді ету үшін толық іздеуді жүйелі түрде орындап тұрыңыз.
- DAB+ режимінде **SCAN** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
    - ↳ Радио барлық қол жетімді DAB+ радиостанцияларын автоматты түрде сақтайды.
    - ↳ Толық іздеуден кейін бірінші қол жетімді станция таратылады.

### DAB+ радиостанцияларын қолмен сақтау



#### Ескертпе

- Ең көбі 20 DAB+ радиостанциясын сақтай аласыз.

- 1 DAB радиостанциясына реттеңіз.
- 2 Бағдарламалау режимін белсендіру үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
- 3 Бір нөмірді таңдау үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
- 5 Басқа DAB+ станцияларын сақтау үшін 1 мен 4 қадамдар аралығын қайталаңыз.



#### Ескертпе

- Алдын ала орнатылған DAB+ радио станциясын алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

## Алдан ала орнатылған DAB+ радиостанциясын таңдау

- Алдын ала орнатылған станцияны таңдау үшін DAB+ режимінде + **PRESET/ MIN** - түймесін қайталап басыңыз.

## DAB+ мәзірі

- 1 DAB+ режимінде DAB+ мәзіріне кіру үшін **MENU** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 Мәзір опцияларын жылжыту үшін + **TUNING/ HR** - түймесін қайталап басыңыз.
  - **[Full scan]** (толық іздеу): барлық қол жетімді DAB+ радиостанцияларын іздеу және сақтау.
  - **[Manual tune]** (қолмен реттеу): арнайы арнаға/жиілікке қолмен реттеп, оны станциялар тізіміне қосыңыз.
  - **[DRC]** (Динамикалық ауқымды қысу): радио сигналының динамикалық ауқымын қысу.
  - **[Prune]** (Жою): станциялар тізімінен барлық жарамсыз станцияларды жою.
  - **[System]** (Жүйе): жүйе параметрлерін реттеу («**Жүйе мәзірін пайдалану**» тарауын қараңыз).
- 3 Опцияны таңдап, **SELECT** түймесін басыңыз.
- 4 Егер бір параметрде қандай да бір қосалқы параметр қол жетімді болса, 2 мен 3 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз.

### [DRC]

- **[DRC off]** (DRC өшіру): DRC мүмкіндігін өшіріңіз.
- **[DRC high]** (DRC жоғары): DRC мүмкіндігін жоғары деңгейге ауыстырыңыз (әдепкі опция шулы орта үшін ұсынылады).

- **[DRC low]** (DRC төмен): DRC мүмкіндігін төмен деңгейге ауыстырыңыз (опция шу аз орта үшін ұсынылады).

### [Prune]

- **[No]** (жоқ): алдыңғы мәзірге оралу.
- **[Yes]** (иә): станциялар тізімінен барлық жарамсыз станцияларды жою.



### Ескертпе

- 10 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.

## DAB+ ақпаратын көрсету

DAB+ радиосын тыңдау барысында келесі ақпаратты (егер қол жетімді болса) жылжыту үшін **INFO** түймесін қайталап басыңыз:

- ↳ Станция атауы
- ↳ Динамикалық белгі сегменті (DLS)
- ↳ Бағдарлама түрі (PTY)
- ↳ Топтың атауы
- ↳ Жиілік
- ↳ Сигнал қатесінің жиілігі
- ↳ Деректерді тасымалдау жылдамдығы және дыбыс күйі
- ↳ Кодек

## 5 FM радионы тыңдау

### FM радио станцияларын реттеу



#### Кеңес

- Антеннаны кез келген электр құрылғыларынан мүмкіндігінше әрі қойыңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 FM режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін басыңыз.
- 2 **+TUNING/ HR** - түймесін екі секунд басып тұрыңыз.  
↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек радиостанцияларға реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

#### Станцияны қолмен реттеу үшін:

- Жиілікті таңдау үшін FM тюнер режимінде **+TUNING/ HR** - түймесін қайталап басыңыз.

### FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау

- FM тюнер режимінде **SCAN** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.  
↳ Радио барлық қол жетімді FM радиостанцияларын сақтайды және бірінші қол жетімді станцияны автоматты түрде таратады.

## FM радио станцияларын қолмен сақтау



#### Ескертпе

- Ең көбі 20 FM радиостанциясын сақтауға болады.

- 1 FM тюнер режимінде FM радиостанциясына реттеңіз.
- 2 Бағдарламалау режиміне кіру үшін **PROG** түймесін басыңыз.  
↳ **TA**дың ала орнатылған сан жыпылықтай бастайды.
- 3 Нөмірді таңдау үшін **+TUNING/ HR** - түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 4 Растау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
- 5 Басқа станцияларды сақтау үшін 1 - 4-қадамдарды қайталаңыз.



#### Кеңес

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

## Алдан ала орнатылған FM радио станциясын таңдау

- FM тюнер режимінде алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау үшін, **+PRESET/ MIN** - түймесін қайта-қайта басыңыз.

---

## FM мәзірін пайдалану

- 1 FM режимінде FM мәзіріне кіру үшін **MENU** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 Мәзір опцияларын жылжыту үшін **+** **TUNING/ HR** - түймесін қайталап басыңыз.
  - **[Іздеу параметрі]**
  - **[System]** («Жүйе мәзірін пайдалану» тарауын қараңыз)
- 3 Опцияны таңдап, **SELECT** түймесін басыңыз:
- 4 Егер бір параметрде қандай да бір қосалқы параметр қол жетімді болса, 2 мен 3 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз.

**[Scan setting]** (іздеу параметрі)

- **[All stations]** (барлық станциялар): барлық қол жетімді FM радиостанцияларын іздеу.
- **[Strong stations only]** (тек күшті сигналды станциялар): тек күшті сигналды FM радиостанцияларды іздеу.

---

## RDS ақпаратын көрсету

RDS (радио деректер жүйесі) — FM стансаларына қосымша ақпарат көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет.

Егер FM станциясын RDS сигналымен тыңдасаңыз, RDS белгішесі мен станция атауы көрсетіледі.

- 1 RDS стансасына баптаңыз.
- 2 Төмендегі ақпаратта (қол жетімді болса) жылжу үшін **INFO** түймесін қайталап басыңыз:
  - ↳ Станция атауы
  - ↳ Радионың мәтіндік хабарлары
  - ↳ Жиілік
  - ↳ Уақыт пен күн

## 6 Жүйе мәзірін пайдалану

Жүйелік мәзірлерді

- уақыт пен күн пішімін орнату;
- уақыт синхрондауын орнату;
- бұл радионың бағдарламалық құрал нұсқасын тексеру;
- қажет болса, бағдарламалық құралды жаңарту; және
- радионы зауыттық әдепкі күйге қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз.

### Уақыт пен синхрондау уақытын орнату

- 1 DAB/FM режимінде **MENU** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 **+ TUNING/ HR** - түймесін **[System]** (жүйе) көрсетілгенше басыңыз.
- 3 Растау үшін **SELECT** түймесін басыңыз.  
↳ **[TIME]** (уақыт) көрсетіледі.
- 4 Қайтадан **SELECT** түймесін басыңыз.  
↳ **[Set Time]** көрсетіледі.
- 5 Параметрді немесе қосалқы параметрді (қол жетімді болса) таңдау үшін 2 мен 3 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз.

| Опциялар                | Қосалқы параметр      | Функция                              |
|-------------------------|-----------------------|--------------------------------------|
| <b>[Set Time]</b>       |                       | Уақытты орнату.                      |
| <b>[Set 12/24 hour]</b> | <b>[Set 12 hour]</b>  | Уақытты 12 сағаттық пішімде көрсету. |
|                         | <b>[Set 24 hour]</b>  | Уақытты 24 сағаттық пішімде көрсету. |
| <b>[Auto time sync]</b> | <b>[No time sync]</b> | Уақыт синхрондауын ажырату.          |

|                                               |                                                                |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| <b>[Update from Any]</b>                      | Уақытты кез келген қол жетімді радиостанцияларымен синхрондау. |
| <b>[Update from FM (FM ішінен жаңарту)]</b>   | Уақытты FM (RDS) станцияларымен синхрондау.                    |
| <b>[Update from DAB (DAB ішінен жаңарту)]</b> | Уақытты DAB+ станцияларымен синхрондау.                        |

### Барлық параметрлерді ысыру

- 1 Жүйе мәзірін енгізу.
- 2 **[Factory Reset]** (зауыттық параметрлерге қалпына келтіру) параметрін таңдау үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Растау үшін **SELECT** түймесін басыңыз.
- 4 Параметрді таңдау үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін басыңыз.
  - **[No]**: алдыңғы мәзірге оралу.
  - **[Yes]**: радионы зауыттық әдепкі күйге қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз.
- 5 Растау үшін қайтадан **SELECT** түймесін басыңыз.

### Бағдарламалық құрал нұсқасын білу

- 1 Жүйе мәзірін енгізу.
- 2 **[SW version]** (бағдарламалық құрал нұсқасын) таңдау үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін **SELECT** түймесін басыңыз.  
↳ Радионың бағдарламалық құрал нұсқасы көрсетіледі.

---

## Бағдарламалық құралды жаңарту

Егер бағдарламалық құралды жаңартуды қаласаңыз, анықтама алу үшін WOOX Innovations компаниясына хабарласыңыз. Оның өзіңіз жаңарту әрекеті ұсынылмайды.

# 7 Басқа мүмкіндіктер



## Кеңес

- Оятқыш дыбысы шыққан кезде дыбыс деңгейі біртіндеп артады. Оятқыш қоңырау үнділігін қолмен реттеу мүмкін емес.

## Оятқыш таймерін орнату

### Оятқышты орнату

Екі оятқышты әр түрлі уақытта сигнал шығаруға орнатуға болады.



### Ескертпе

- Сағат дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде оятқышты орнату режимін іске қосу үшін **⏰ / ⏰** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.  
↳ Сағат және минут сандары және **⏰ / ⏰** белгілері жыпылықтай бастайды.
- 2 Сағатты орнату үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін басыңыз.
- 3 Минутты орнату үшін **+ PRESET/ MIN** - түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін **⏰ / ⏰** түймесін басыңыз.
- 5 Дабыл көзін таңдау үшін **+ TUNING/ HR** - түймесін басыңыз: сигнал, DAB немесе FM.
  - Егер сигналды дабыл көзі ретінде таңдасаңыз, параметрді растау үшін **⏰ / ⏰** түймесін бір рет басыңыз.
  - Егер DAB немесе FM режимін дабыл көзі ретінде таңдасаңыз, параметрді растау үшін **⏰ / ⏰** түймесін екі рет басыңыз.

## Оятар таймерін іске қосу/ажырату

- Оятқыш таймерін қосу немесе ажырату үшін **⏰** немесе **⏰** түймесін қайта-қайта басыңыз.
  - ↳ Дабыл таймері іске қосылса, **[Alarm 1:On]** немесе **[Alarm 2:On]** параметрі көрсетіледі.
  - ↳ Дабыл таймері ажыратылса, **[Alarm 1:Off]** немесе **[Alarm 2:Off]** параметрі көрсетіледі.
- Оятқышты тоқтату үшін, сәйкесінше **⏰** немесе **⏰** түймесін басыңыз.
  - ↳ Оятқыш қоңырау келесі күні қайтадан соғылады.



## Оятқышты кейінге қалдыру

- Оятқыш дыбысы шыққанда, **SNOOZE** түймесін басыңыз.
  - ↳ Оятар кейінге қалдырылып, тоғыз минуттан кейін қайтадан шырылдайды.

## Ұйқы таймерін орнату

Бұл радио алдын ала орнатылған кезеңнен кейін күту режиміне автоматты түрде ауыса алады.


- Ұйқы таймерінің кезеңін (минуттар түрінде) таңдау үшін, **zZ** түймесін қайта-қайта басыңыз.



↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zZ** көрсетіледі.

Ұйқы таймерін ажырату үшін:

- **zZ** түймесін [Sleep off] (ұйқы таймері өшірулі) көрсетілгенше қайталап басыңыз.




## Құрылғыны зарядтау

Бұл радио арқылы сіз ұялы телефон, MP3 ойнатқышы немесе басқа мобильді құрылғылар сияқты сыртқы құрылғыларды зарядтай аласыз.

### Ескертпе

- USB зарядтау үшін ең жоғарғы кернеу — 1 А.
- Бұл өніммен барлық құрылғыларды зарядтауға кепілдік берілмейді.

- Құрылғыңызды радиосағатпен жалғау үшін USB кабелін (жинаққа кірмейді) пайдаланыңыз.  
↳ Құрылғы танылғаннан кейін зарядтау басталады.



## Сыртқы құрылғыны тыңдау

Осы өніммен MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыс құрылғысын тыңдауға да болады.

- 1 Қосқышы 3,5 мм болатын дыбыс кірісі кабелінің (жинақта жоқ) екі жағын мыналарға жалғаңыз:
  - осы радиодағы **AUDIO IN** ұясы және
  - арасына қосыңыз.
- 2 **AUDIO IN** режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Дыбысты сыртқы құрылғыда ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

---

## Дыбыс деңгейін реттеу

- Дыбыс деңгейін көбейту немесе азайту үшін **VOL** тетігін бұрыңыз.

---

## Дисплей жарықтығын реттеу

- Басқа жарықтық деңгейлерін таңдау үшін **BRIGHTNESS** түймесін қайталап басыңыз.

# 8 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

## Ерекшеліктер

### Күшейткіш

|                   |      |
|-------------------|------|
| Жалпы шығыс қуаты | 2 Вт |
|-------------------|------|

### Теңшегіш

|                                 |                       |
|---------------------------------|-----------------------|
| Реттеу ауқымы (FM)              | 87,5 - 108 МГц        |
| Реттеу ауқымы (DAB+)            | 174,928 - 239,200 МГц |
| Реттеу торы                     | 50 кГц                |
| - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы      | <22 дБф               |
| - Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы    | <43 дБф               |
| Іздеуді таңдау мүмкіндігі       | >28 дБф               |
| Жалпы гармоникалық бұрмаланулар | < 2 %                 |
| Сигнал-шу арақатынасы           | >55 дБ                |

### USB

|                   |          |
|-------------------|----------|
| Зарядтауды қолдау | 5 В, 1 А |
|-------------------|----------|

|                                        |                       |
|----------------------------------------|-----------------------|
| Жалпы ақпарат                          |                       |
| АТ қуаты                               | 100-240 В ~, 50/60 Гц |
| Жұмыс үшін қуат тұтынуы                | <10 Вт                |
| Күту режимінде қуат тұтынуы            | <1 Вт                 |
| Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x Қ) | 129 x 104 x 105 мм    |
| Салмағы - негізгі құрылғы              | 0,6 кг                |

## 9 Ақаулықтарды жою

### Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.



#### Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне ([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

#### Қуат жоқ

- Радиосағаттың АТ адаптерінің ашасы дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.

#### Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

#### Радио-сағаттан жауап жоқ

- АТ адаптерінің ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін радио-сағатты қайтадан қосыңыз.

#### Нашар радио сигналын қабылдау

- Радио бөгеуілдерге жол бермеу үшін радиосағатты басқа электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Антеннаны толығымен созып, орнын реттеңіз.
- DAB режимінде қате ауқымы 50-ден асса, дыбыс ауытқуы немесе дыбыстың өшіп қалуы мүмкін. Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаның орналасуын реттеңіз.
- Құрылғыларды зарядтағанда немесе дыбысты сыртқы құрылғылардан тыңдағанда шу кедергісін болдырмау үшін USB немесе AUDIO IN кабелін антеннадан мүмкіндігінше алыста ұстаңыз.

# 10 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

## Ескірген өнімді тастау



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/ EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдардың қалдықтарын жинау жөніндегі жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдарды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін зиянды әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

## Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.





Specifications are subject to change without notice.

2015 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

Philips and the Philips' Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used by WOOX Innovations Limited under license from Koninklijke Philips N.V.

AJB4300\_12\_UM\_V1.0

